

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОРПОРАЦИЯСЫ

050043, Алматы қаласы, Рысқұлбеков көшесі, 28
Тел.: 8 800 070 10 56, 8 (727) 355 10 56
Website: iec.edu.kz E-mail: info@mok.kz



МЕЖДУНАРОДНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ КОРПОРАЦИЯ

050043, город Алматы, ул. Рысқұлбекова, 28
Тел.: 8 800 070 10 56, 8 (727) 355 10 56
Website: [Website: iec.edu.kz](http://iec.edu.kz) E-mail: info@mok.kz

INTERNATIONAL EDUCATIONAL CORPORATION

Almaty 050043, Republic of Kazakhstan, Ryskulbekov street, 28, Tel 8 800 070 10 56, 8 (727) 355 10 56, Website iec.edu.kz, E-mail info@mok.kz

17.02.26 № 03/224
(күн) (индекс)

(кіріс құжатының күні мен нөміріне сілтеме)

Құрметті әріптестер!

Халықаралық білім беру корпорациясы (ҚазБСҚА) Халықаралық трансұлттық білім беру қауымдастығымен (ITEA, Малайзия) бірлесіп ғалымдарды, оқытушыларды, ғылыми қызметкерлерді, докторанттар мен магистранттарды, сондай-ақ бейінді ұйымдардың өкілдерін **2026 жылғы 13–14 сәуірде** Алматы қаласында Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының базасында (Рысқұлбеков көшесі, 28, бас оқу корпусы) өтетін **«Креативті экономика үшін цифрлық сәулет, құрылыс және жасанды интеллект»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырады.

Конференцияның мақсаты - сәулет, құрылыс және креативті индустрияларды цифрлық трансформациялау, жасанды интеллект технологияларын енгізу мәселелерін талқылау, сондай-ақ жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары және индустриялық серіктестер арасындағы ғылыми-білім беру және инновациялық ынтымақтастықты дамыту.

Конференцияға жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу ұйымдарының, жобалау институттарының, мемлекеттік органдардың, салалық компаниялардың және сарапшылар қауымдастығының өкілдері шақырылады.

Қатысу шарттары туралы толық ақпарат қосымшада көрсетілген.

**Ғылым және инновациялар
бойынша проректор**

Ж. Молдамуратов



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ!

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

Халықаралық білім беру корпорациясы (ҚазБСҚА) мен Халықаралық трансұлттық білім беру қауымдастығы (ІТЕА, Малайзия) бірлесіп ғалымдарды, оқытушыларды, докторанттар мен магистранттарды, жобалау және құрылыс ұйымдарының өкілдерін, ІТ-компанияларды, мемлекеттік органдарды және креативті индустрия өкілдерін **2026 жылғы 13-14 сәуірде** Алматы қаласында (Қазақстан Республикасы) өтетін «**Креативті экономика үшін цифрлық сәулет, құрылыс және жасанды интеллект**» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырады.

Конференция сәулет, құрылыс, цифрлық технологиялар және жасанды интеллект салаларындағы ғылыми-білім беру және инновациялық ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ креативті экономиканың заманауи экожүйесін қалыптастыру аясында өткізіледі. Іс-шара озық ғылыми зерттеулерді талқылауға, цифрлық шешімдерді енгізу тәжірибесімен алмасуға, пәнаралық тәсілдерді дамытуға және академиялық қауымдастық, индустрия және мемлекеттік құрылымдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған.

Конференцияның мақсаты - сәулет-құрылыс саласын цифрлық трансформациялау, жасанды интеллект технологияларын енгізу, цифрлық модельдеу және креативті экономикадағы инновациялық шешімдер бойынша өзекті ғылыми және қолданбалы мәселелерді талқылауға арналған кәсіби алаң қалыптастыру.

Конференцияның негізгі міндеттері:

- сәулет, құрылыс және қалалық ортаны цифрландырудың заманауи үрдістерін талқылау;
- жасанды интеллект және цифрлық технологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен инновациялық әзірлемелерді ұсыну;
- BIM-технологияларды, цифрлық егіздерді және объектілерді интеллектуалды басқару жүйелерін енгізу тәжірибесімен алмасу;
- университеттер, ғылыми орталықтар және индустриялық серіктестер арасындағы ынтымақтастықты дамыту;
- креативті индустриялар үшін кадрлар даярлау мәселелерін талқылау;
- жаңа ғылыми коллаборациялар мен бірлескен жобаларды қалыптастыру.

Конференцияның негізгі бағыттары:

Сәулет

- сәулеттік жобалауда цифрлық сәулет және жасанды интеллект;
- параметрлік және генеративтік жобалау;
- BIM-технологиялар және сәулеттік объектілерді ақпараттық модельдеу;
- ғимараттар мен қалалық аумақтардың цифрлық егіздері;
- ақылды қалалар (Smart City) және цифрлық урбанистика;
- қала құрылыстық модельдеу және кеңістіктік талдау;
- сәулеттік визуализация, VR/AR технологиялары;
- сәулеттің тұрақты дамуы және экологиялық жобалау;
- сәулет мұрасын қайта жаңғырту және цифрлық сақтау;
- сәулеттегі инновациялық материалдар мен технологиялар;
- энергия тиімді және «жасыл» сәулеттік шешімдер;
- ғимараттардың өмірлік циклін басқарудың цифрлық технологиялары;



- сәулет білімінде жасанды интеллектті интеграциялау;
- қоғамдық кеңістіктер сәулеті және креативті орта;
- сәулеттегі пәнаралық зерттеулер.

Құрылыс

- құрылыс және жобаларды басқарудағы жасанды интеллект;
- BIM-технологиялар және құрылыс саласының цифрлық трансформациясы;
- ғимараттар, құрылыстар және инфрақұрылымның цифрлық егіздері;
- құрылыс процестерін роботтандыру және автоматтандыру;
- құрылыстағы аддитивтік технологиялар және 3D-басып шығару;
- инновациялық құрылыс материалдары мен технологиялары;
- тұрақты құрылыс және энергия тиімді технологиялар;
- ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жағдайын цифрлық мониторингтеу;
- ғимараттардың инженерлік жүйелері және интеллектуалды басқару жүйелері;
- сейсмотұрақты құрылыс және конструкцияларды есептеудің цифрлық әдістері;
- геотехникалық модельдеу және инженерлік ізденістердің цифрлық әдістері;
- құрылыс объектілерінің өмірлік циклін басқару;
- инфрақұрылымдық жобалар және цифрлық технологиялар;
- құрылыс экономикасы және инвестициялық жобаларды цифрлық басқару;
- құрылыс қауіпсіздігі және сапаны бақылаудың цифрлық технологиялары;
- құрылыс саласы үшін кадрлар даярлау.

Дизайн

- креативті индустриядағы цифрлық дизайн және жасанды интеллект;
- өнеркәсіптік дизайн және цифрлық өндіріс;
- графикалық дизайн, мультимедиа және цифрлық коммуникациялар;
- қалалық орта және қоғамдық кеңістіктер дизайны;
- интерьер дизайн және цифрлық жобалау технологиялары;
- UX/UI-дизайн және цифрлық пайдаланушы интерфейстері;
- анимация, ойын технологиялары және виртуалды шынайылық;
- креативті экономика және цифрлық мәдени индустриялар;
- дизайн-ойлау және инновациялық жобалау әдістері;
- цифрлық өнер және жаңа медиа;
- дизайн саласындағы білім беру және цифрлық құзыреттер;
- дизайн процестеріне жасанды интеллект технологияларын енгізу;
- экологиялық және тұрақты дизайн;
- дизайн, сәулет және технологиялар тоғысындағы пәнаралық жобалар.

Қатысу форматтары

- баяндамамен офлайн қатысу;
- онлайн қатысу (қашықтан баяндама);
- қатыспай ғылыми мақала жариялау;
- тыңдаушы ретінде қатысу;
- панельдік пікірталастар мен дөңгелек үстелдерге қатысу.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференция материалдарының жариялануы

Конференция қорытындысы бойынша халықаралық стандартты кітап нөмірімен (ISBN) электрондық материалдар жинағын шығару және оны ғылыми электрондық деректер базаларына орналастыру жоспарлануда.



Бағдарламалық комитеттің шешімімен үздік баяндамалар «ҚазБСҚА Хабаршысы» ғылыми журналында жариялауға ұсынылады (*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізбесіне енгізілген*), сондай-ақ дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

Мақаланы жариялау үшін ұйымдастыру жарнасы **5000 (бес мың) теңгені** құрайды. **Шетелдік қатысушылар үшін ұйымдастыру жарнасы алынбайды.**

Маңызды күндер

- қатысушыларды тіркеу және мақалаларды қабылдау - **2026 жылғы 5 сәуірге дейін**;
- конференция бағдарламасын тарату - **2026 жылғы 10 сәуірге дейін**;
- конференция өткізу - **2026 жылғы 13-14 сәуір**;
- конференция материалдар жинағын шығару - **2026 жылғы 1 мамырға дейін**.

Материалдар келесі электрондық мекенжай бойынша қабылданады:
science.office@kazgasa.kz.

Белгіленген мерзімнен кейін келіп түскен материалдар қарастырылмайды.

Конференция өткізу орны

Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы (ҚазБСҚА), Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Ұйымдастыру комитетінің байланыс ақпараты

Мекенжай: Рысқұлбеков көшесі, 28, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Телефон: +7 775 733 1433

Байланыс тұлғасы: Лайсханов Шахислам Ұзақбаевич, Халықаралық білім беру корпорациясының ғылым және инновациялар департаментінің директоры

E-mail: science.office@kazgasa.kz

Сайт: <https://iec.edu.kz/en/glavnaya-en/>

Ұйымдастыру комитеті конференция туралы ақпаратты мүдделі мамандар, ғылыми қызметкерлер, оқытушылар және білім алушылар арасында таратуға қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғыс білдіреді. Сіздерді конференцияға қатысуға шақырамыз және жемісті ғылыми ынтымақтастыққа үміттенеміз!



МАТЕРИАЛДАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жариялауға конференция тақырыбына сәйкес келетін, бұрын жарияланбаған және басқа басылымдарға ұсынылмаған түпнұсқа ғылыми мақалалар қабылданады.

1. Жалпы талаптар

- Мақаланың көлемі: **4-8 бет**.
- Файл форматы: **Microsoft Word (.doc, .docx)**.
- Қағаз форматы: **A4**.
- Жиектері: барлық жағынан **2 см**.
- Қаріп: **Times New Roman**, өлшемі **12 pt**.
- Жоларалық интервал: **1,0**.
- Мәтінді туралау: **ені бойынша**.
- Абзац шегінісі: **1,0 см**.
- Бет нөмірлері қойылмайды.
- Суреттер мен кестелер мәтін ішінде орналастырылып, атаулары мен мәтінде сілтемелері болуы тиіс.

Мақала мұқият редакцияланған болуы қажет. Материалдардың мазмұны үшін жауапкершілік авторларға жүктеледі.

2. Мақаланың құрылымы

Материалдар келесі тәртіппен рәсімделуі тиіс:

ӘОЖ (жоғарғы сол жақ бұрышта).

Мақала атауы - БАС ӘРІПТЕРМЕН, қалың қаріппен, ортасына тураланған.

Автор(лар)дың тегі мен аты-жөнінің инициалдары - қалың қаріппен, ортасына тураланған.

Ұйым атауы, қала, ел, автордың e-mail мекенжайы - курсивпен, ортасына тураланған.

Аңдатпа - қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (150-250 сөз).

Түйінді сөздер - қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (5-7 сөз).

Мақаланың негізгі мәтіні, оның ішінде:

- Кіріспе (өзектілігі, зерттеу мақсаты);
- Материалдар мен әдістер;
- Нәтижелер және талқылау;
- Қорытынды (тұжырымдар);
- Алғыс (бар болған жағдайда);
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

3. Суреттер мен кестелерге қойылатын талаптар

- Суреттер анық, контрастылы, ақ-қара немесе түрлі түсті нұсқада болуы тиіс.
- Сурет атауы суреттің астына ортасына жазылады (мысалы: **Сурет 1 - Атауы**).
- Кесте атауы кестенің үстіне жазылады (мысалы: **Кесте 1 - Атауы**).
- Барлық суреттер мен кестелерге мәтінде міндетті түрде сілтеме берілуі тиіс.
- Формулалар Microsoft Equation немесе MathType формула редакторында терілуі қажет.

4. Әдебиеттер тізімін рәсімдеу

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мақаланың соңында мәтінде сілтеме жасалу реті бойынша рәсімделеді.

Мәтіндегі сілтемелер шаршы жақшада көрсетіледі: **[1], [2]**.

Рәсімдеу үлгісі:



1. Liu P., Cui S., Li Z., Xu X., Guo C. Influence of surrounding rock temperature on mechanical property and pore structure of concrete for shotcrete use in a hot-dry environment of high-temperature geothermal tunnel. *Construction and Building Materials*. 2019. 207: 329-337. <https://doi.org/10.1016/j.conbuildmat.2019.02.125>

DOI болған жағдайда міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

5. Материалдардың түпнұсқалығына қойылатын талаптар

Ұсынылатын материалдар түпнұсқа болуы және академиялық адалдық талаптарына сәйкес келуі тиіс. Мақаланың бірегейлік деңгейі антиплагиат жүйелері бойынша тексеру нәтижесінде кемінде 70 % болуы қажет.

Бірегейлік деңгейі төмен материалдар, сондай-ақ дереккөздерге тиісті сілтемелерсіз алынған орынсыз мәтіндік сәйкестіктері бар жұмыстар жариялауға қабылданбайды.

Ұсынылған деректердің дұрыстығы мен авторлық құқық нормаларын сақтау үшін жауапкершілік авторларға жүктеледі.

6. Жариялану тілдері

Материалдар қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде қабылданады.

7. Материалдарды ұсыну тәртібі

Қатысу үшін Ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасына science.office@kazgasa.kz келесі құжаттарды жіберу қажет:

1. Талаптарға сәйкес рәсімделген мақала;
2. Қатысушының өтінімі (жеке файл);
3. Ұйымдастыру жарнасының төленгені туралы түбіртек көшірмесі.

Файл атаулары бірінші автордың тегі бойынша аталады:

Ахметов_мақала.docx

Ахметов_өтінім.docx

8. Ұйымдастыру жарнасы

Ұйымдастыру жарнасына конференция материалдар жинағында мақаланы жариялау, баяндамамен қатысқан жағдайда қатысушы сертификатын беру, конференция материалдарына қол жеткізу, пленарлық және панельдік сессияларға қатысу, сондай-ақ саладағы жетекші ғалымдар мен сарапшылармен кәсіби нетворкинг мүмкіндігі кіреді.

9. Ұйымдастыру комитетінің байланыс ақпараты

E-mail: science.office@kazgasa.kz

Телефон: +7 775 733 1433 Лайсханов Шахислам Ұзақбаевич (Халықаралық білім беру корпорациясының ғылым және инновациялар департаментінің директоры)

Мекенжай: ҚазБСҚА, Рысқұлбеков көшесі, 28, Алматы қ., Қазақстан.

Ұйымдастыру комитеті конференция тақырыбына немесе рәсімдеу талаптарына сәйкес келмейтін материалдарды қабылдамау құқығын өзіне қалдырады!



МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ МЫСАЛЫ

УДК 004.94:72

ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В АРХИТЕКТУРНОМ ПРОЕКТИРОВАНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ ЗДАНИЙ

Ахметов И.И.¹, Алиев П.П.²

¹Казахская головная архитектурно-строительная академия, Алматы, Казахстан

²Международная образовательная корпорация, Алматы, Казахстан

e-mail: akhmetov@kazgasa.kz

Аннотация. В статье рассматриваются современные подходы к применению технологий искусственного интеллекта в архитектурном проектировании общественных зданий. Особое внимание уделяется использованию генеративных алгоритмов, параметрического моделирования и технологий информационного моделирования зданий (BIM). Представлены результаты анализа эффективности применения цифровых инструментов на различных этапах проектирования. Показано, что интеграция искусственного интеллекта позволяет повысить качество архитектурных решений, сократить сроки проектирования и оптимизировать ресурсы. Полученные результаты могут быть использованы при разработке инновационных архитектурных проектов и образовательных программ в области цифровой архитектуры.

Ключевые слова: искусственный интеллект, цифровая архитектура, BIM-технологии, параметрическое моделирование, архитектурное проектирование, цифровые технологии.

ҚОҒАМДЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫ СӘУЛЕТТІК ЖОБАЛАУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ

Андағна. Мақалада қоғамдық ғимараттарды сәулеттік жобалауда жасанды интеллект технологияларын қолданудың заманауи тәсілдері қарастырылады. Генеративті алгоритмдерді, параметрлік модельдеуді және ғимараттарды ақпараттық модельдеу (BIM) технологияларын пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударылған. Жобалаудың әртүрлі кезеңдерінде цифрлық құралдарды қолдану тиімділігін талдау нәтижелері ұсынылған. Жасанды интеллектті енгізу сәулеттік шешімдердің сапасын арттыруға, жобалау мерзімдерін қысқартуға және ресурстарды оңтайландыруға мүмкіндік беретіні көрсетілген. Алынған нәтижелер цифрлық сәулет саласындағы инновациялық жобаларды әзірлеу және білім беру бағдарламаларын қалыптастыру кезінде қолданылуы мүмкін.

Түйінді сөздер: жасанды интеллект, цифрлық сәулет, BIM технологиялары, параметрлік модельдеу, сәулеттік жобалау, цифрлық технологиялар.

APPLICATION OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN THE ARCHITECTURAL DESIGN OF PUBLIC BUILDINGS

Abstract. The article examines modern approaches to the application of artificial intelligence technologies in the architectural design of public buildings. Attention is paid to the use of generative algorithms, parametric modeling, and Building Information Modeling (BIM) technologies. The results of analyzing the effectiveness of digital tools at various stages of the design process are presented. It is shown that the integration of artificial intelligence makes it possible to improve the quality of architectural solutions, reduce design time, and optimize resources. The obtained results



can be applied in the development of innovative architectural projects and educational programs in the field of digital architecture.

Keywords: artificial intelligence, digital architecture, BIM technologies, parametric modeling, architectural design, digital technologies.

Введение

В условиях цифровой трансформации строительной отрасли применение технологий искусственного интеллекта становится одним из ключевых факторов повышения эффективности архитектурного проектирования. Современные цифровые инструменты позволяют автоматизировать процессы разработки проектных решений, проводить многовариантный анализ и оптимизацию параметров зданий [1].

Целью исследования является анализ возможностей применения искусственного интеллекта в архитектурном проектировании общественных зданий и оценка эффективности использования цифровых технологий.

Материалы и методы

В рамках исследования использовались методы параметрического моделирования, алгоритмического проектирования и сравнительного анализа цифровых инструментов. Для моделирования применялись программные комплексы Autodesk Revit, Rhino Grasshopper и системы машинного обучения.

Результаты и обсуждение

Результаты исследования показали, что использование искусственного интеллекта позволяет:

- сократить время разработки проектных решений до 30 %;
- повысить точность расчетов и визуализации;
- оптимизировать архитектурно-планировочные решения;
- повысить энергоэффективность зданий.

На рисунке 1 представлен пример цифровой модели здания, созданной с применением параметрического проектирования.

Рисунок 1 - Цифровая модель общественного здания

Использование цифровых двойников позволяет проводить анализ жизненного цикла объекта и прогнозировать эксплуатационные характеристики.

Заключение

Применение технологий искусственного интеллекта в архитектурном проектировании является перспективным направлением развития архитектурно-строительной отрасли. Полученные результаты подтверждают эффективность интеграции цифровых технологий в процессы проектирования и управления жизненным циклом зданий. В дальнейшем исследования могут быть направлены на разработку интеллектуальных систем поддержки принятия проектных решений.

Благодарности

Исследование выполнено при поддержке научного проекта (при наличии указать).

Список литературы

Liu P., Cui S., Li Z., Xu X., Guo C. Influence of surrounding rock temperature on mechanical property and pore structure of concrete for shotcrete use in a hot-dry environment of high-temperature



geothermal tunnel. Construction and Building Materials. 2019. 207: 329-337.
<https://doi.org/10.1016/j.conbuildmat.2019.02.125>

ҚАТЫСУШЫ ӨТІНІМІ

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
«Креативті экономика үшін цифрлық сәулет, құрылыс және жасанды интеллект»
2026 жылы 13-14 сәуір
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____
2. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____
3. Қызметі _____
4. Ұйым (толық атауы) _____
5. Елі, қаласы _____
6. Байланыс телефоны _____
7. E-mail _____
8. Баяндама тақырыбы _____
9. Тақырыптық бөлім (белгілеңіз):
 - Сәулет
 - Құрылыс
 - Дизайн
10. Қатысу формасы:
 - Баяндамамен офлайн қатысу
 - Онлайн қатысу (қашықтан баяндама)
 - Қатыспай мақала жариялау
 - Тыңдаушы ретінде қатысу

Күні « _____ » _____ 2026 ж.

Қолы _____

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАРНАСЫН ТӨЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР
Жарна есеп айырысу шотына аудару арқылы енгізіледі:

ТОО «МЕЖДУНАРОДНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ КОРПОРАЦИЯ»

050043, г. АЛМАТЫ, ул. РЫСКУЛБЕКОВА, 28

БИН 090540001011

АО «НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА»

БИК HSBKKZKX KZ656010131000179002 (KZT)

KZ986018771000116381 (USD)

КБЕ 17

КОД ПЛАТЕЖА 9

КОД ПЛАТЕЖНОГО НАЗНАЧЕНИЯ 861